**Ұлытау облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақы мөлшерлемелерін (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда) бекіту туралы**

Ұлытау облыстық мәслихатының 2023 жылғы 16 маусымдағы № 3/40 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 маусымда № 31-20 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 587-бабына, Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 14-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 -бабының 5-тармағына сәйкес Ұлытау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ұлытау облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақы мөлшерлемелері (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда) бекітілсін:

1) осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес шайыр мен ағаш шырындарын дайындау үшін;

2) осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес орманды жанама пайдалану үшін;

3) осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес қосалқы ағаш ресурстарын дайындау үшін;

4) осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтаждығы, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін, ағаш және бұта тұқымдас екпе материалдарын және арнаулы мақсаттағы плантациялық көшеттер өсіру үшін пайдалану.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлытау облыстық мәслихатының төрағасы* *Б. Шингисов*

Ұлытау облыстық мәслихатының
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 3/40
шешіміне 1 қосымша

## Шайыр мен ағаш шырындарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

| Орман пайдалану түрлері | Ормандарды молықтыруға жұмсалған шығындар әдістері | |
|---|---|---|
| | Өлшем бірлігі | Төлемақы мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш) |
| Шайыр дайындау | гектар | 5,4 |
| Қайың шырынын дайындау | гектар | 2,7 |

Ұлытау облыстық мәслихатының

2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 3/40
шешіміне 2 қосымша

## Орманды жанама пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

| № | Орманды пайдалану түрлері | Ормандарды молықтыруға жұмсалған шығындар әдістері | |
|---|---|---|---|
| | | Өлшем бірлігі | Төлемақы мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш ) |
| 1. | Жемістер: | | |
| | 1) шекілдеуік | килограмм | 0,26 |
| | 2) сүйекті | килограмм | 0,15 |
| 2. | Дәрілік өсімдіктер және техникалық шикізат: | | |
| | 1) шөптер | килограмм | 0,099 |
| | 2) гүлдер | килограмм | 0,136 |
| | 3) жапырақтар | килограмм | 0,099 |
| | 4) сабақтар және өскіндер | килограмм | 0,170 |
| | 5) бүршіктер | килограмм | 0,227 |
| | 6) жемістер және жидектер | килограмм | 0,182 |
| | 7) тамырлар | килограмм | 0,151 |
| 3. | Саңырауқұлақтар | килограмм | 0,303 |
| 4. | Жидектер | килограмм | 0,504 |
| 5. | Мүктер | килограмм | 0,796 |
| 6. | Орман жамылғы мен түскен жапырақтар | килограмм | 0,037 |
| 7. | Қамыс | килограмм | 0,269 |
| 8. | Шөп шабу, оның ішінде шабындық жерлердің сапалы жай-күйінің топтары бойынша: | | |
| | жақсы | гектар | 1,08 |
| | қанағаттанарлық | гектар | 0,81 |
| | нашар | гектар | 0,63 |
| 9. | Мал жаю, оның ішінде ауыл шаруашылығы жануарларының топтары бойынша бір мал басының жайылымы: | | |
| | ірі қара мал, жылқы | бір бас | 0,5 |
| | түйе | бір бас | 0,63 |
| | ірі қара малдың төлі | бір бас | 0,25 |
| | есек | бір бас | 0,25 |
| | ешкі | бір бас | 0,44 |
| | қой | бір бас | 0,12 |
| 10 | Омарталар мен ара ұяларын орналастыру | 1 омарта үшін | 0,9 |

Ұлытау облыстық мәслихатының

2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 3/40
шешіміне 3 қосымша

# Қосалқы ағаш ресурстарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

| № | Ағаш-бұта тұқымдастарының атауы | Қабықтар тонна үшін (айлық есептік көрсеткіш) | Бұтақтар тонна үшін (айлық есептік көрсеткіш) | Томарлар тонна үшін (айлық есептік көрсеткіш) | Тамырлар тонна үшін (айлық есептік көрсеткіш) | Жапырақтар тонна үшін (айлық есептік көрсеткіш) | Бүршіктер килограмм үшін (айлық есептік көрсеткіш) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қарағай | 0,021 | 0,042 | 0,011 | 0,063 | 0,032 | 0,021 |
| 2 | Шренк шыршасы | 0,027 | 0,054 | 0,014 | 0,081 | 0,041 | 0,027 |
| 3 | Сібір шыршасы, майқарағай | 0,016 | 0,032 | 0,008 | 0,048 | 0,024 | 0,016 |
| 4 | Балқарағай | 0,015 | 0,03 | 0,008 | 0,045 | 0,023 | 0,015 |
| 5 | Самырсын | 0,023 | 0,046 | 0,012 | 0,069 | 0,035 | 0,023 |
| 6 | Ағаш тектес арша | 0,027 | 0,054 | 0,014 | 0,081 | 0,041 | 0,027 |
| 7 | Емен, шаған | 0,041 | 0,082 | 0,021 | 0,123 | 0,062 | 0,041 |
| 8 | Қара қандыағаш, үйеңкі, шегіршін, жөке | 0,014 | 0,028 | 0,007 | 0,042 | 0,021 | 0,014 |
| 9 | Сексеуіл | 0,06 | 0,12 | 0,03 | 0,18 | 0,09 | 0,06 |
| 10 | Қайың | 0,016 | 0,032 | 0,008 | 0,048 | 0,024 | 0,016 |
| 11 | Көктерек, ағаш тектес тал, терек | 0,011 | 0,022 | 0,006 | 0,033 | 0,017 | 0,011 |
| 12 | Грек жаңғағы, пісте | 0,035 | 0,07 | 0,018 | 0,105 | 0,053 | 0,035 |
| 13 | Өрік, аққараған, алша, долана, шие, жиде, шетен, алхоры, мойыл, тұт ағашы, алма ағашы, өзге де ағаш тұқымдастар | 0,023 | 0,046 | 0,012 | 0,069 | 0,035 | 0,023 |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Арша, самырсын өскіні | 0,018 | 0,036 | 0,009 | 0,054 | 0,027 | 0,018 |
| 15 | Жыңғыл | 0,025 | 0,05 | 0,013 | 0,075 | 0,038 | 0,025 |
| 16 | Сары қараған, бұта тектес талдар, шырғанақ, жүзгін, шеңгел және өзге де бұталар | 0,012 | 0,024 | 0,006 | 0,036 | 0,018 | 0,012 |

Төлемақы мөлшерлемелеріне мынадай коэффициенттер қолданылады:

1) кеспеағаш аймағының жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан қашықтығына қарай:

10 км-ге дейін - 1,30;

10,1 - 25 км - 1,20;

25,1 - 40 км - 1,00;

40,1 - 60 км - 0,75;

60,1 - 80 км - 0,55;

80,1 - 100 км - 0,40;

100 км-дан астам - 0,30;

Кеспеағаш аймағының жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан қашықтығы кеспеағаш аймағының ортасынан жолға дейінгі қысқа аралық бойынша картографиялық материалдармен айқындалады және жергілікті жердің бедеріне қарай мынадай коэффициенттер бойынша түзету жасалады:

жазық бедер - 1,1;

жоталы бедер немесе батпақты жер - 1,25;

таулы бедер - 1,5;

2) аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді жүргізу кезінде - 0,6;

3) басты мақсатта пайдалану үшін іріктеп ағаш кесуді жүргізу кезінде - 0,8;

4) сүректі 20 градустан жоғары беткейлі тау жоталарынан босату кезінде - 0,7.

Ұлытау облыстық мәслихатының<br>2023 жылғы 16 маусымдағы<br>№ 3/40<br>шешіміне 4 қосымша

**Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтаждығы үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін , ағаш және бұта тұқымдас екпе материалдарын және арнаулы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері**

| | Ормандарды молықтыруға жұмсалған шығындар әдістері | |
|---|---|---|
| | | |

| Орманды пайдалану түрлері | Өлшем бірлігі | Төлемақы мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш) |
| --- | --- | --- |
| Ұзақ мерзімді орман пайдалану | | |
| Ағаш және бұта тұқымдас екпе материалдарын және арнаулы мақсаттағы плантациялық көшеттер өсіру үшін | гектар | 0 |
| Аңшылық шаруашылығының мұқтаждығы үшін | гектар | 0,9 |
| Ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану | гектар | 0,45 |
| Мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін | гектар | 3,49 |
| Қысқа мерзімді орман пайдалану | | |
| Ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін | адамнан әрбір болған күн үшін | 0,1 |
| Мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін | адамнан әрбір болған күн үшін | 0,1 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК